


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
Қ.А.ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ  
«ТҮРКІСТАН АХМЕТ ЯСАУИ» КӘСІБИ КОЛЛЕДЖІ



**«ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ  
САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ОҚУ-ӨНДІРІСТІК  
БАЗАЛАРДЫҢ РӨЛІ» атты республикалық  
ғылыми-тәжірибелік конференция**

Республиканская научно-практическая конференция на  
тему: «РОЛЬ УЧЕБНО-ПРОИЗВОДСТВЕННЫХ БАЗ В  
ПОВЫШЕНИИ КАЧЕСТВА ТЕХНИЧЕСКОГО И  
ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ»



Түркістан, 30 мамыр 2012ж.  
Туркестан, 30 мая 2012г.

<b>М.А. Уқибасова</b> ТЕМІР ЖОЛ КӨЛІК САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ ӨНДІРІСТІК ЕСЕПТІ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ӘСЕРІ	88
<b>Б.А. Мархаева, Қ.Мырзабекқызы</b> ПРИОРИТЕТЫ МОДЕРНИЗАЦИИ ЭКОНОМИКИ СТРАНЫ	91
<b>А.А.Ризаходжаев, Ә.А.Толегенова</b> ПУТИ РЕШЕНИЯ ПРОБЛЕМ НАКОПИТЕЛЬНОЙ ПЕНСИОННОЙ СИСТЕМЫ	94
<b>А.А. Куралбаев, Г.Д. Оспан</b> АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУДІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ	98
<b>Б.У.Алдашова</b> ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУ ЖОЛДАРЫ	100
<b>Ж.Б.Бекмурзаева</b> ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА МӘДЕНИ-ТАНЫМДЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУ	103
<b>Д.А. Рахимова, Д. Балтабекова</b> ҰЙЫМДАРДАҒЫ БАСҚАРУ ШЕШІМІН ҚАБЫЛДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ	106
<b>И.Н.Фазилова</b> ҚАЗІРГІ ТАҢДА КОМПАНИЯЛАРДА БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТАУАРДЫ ӨНДІРУДЕ МАРКЕТИНГТІҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ	110
<b>Д.Қ. Искендірова</b> ГОСУДАРСТВЕННОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ В ОБЛАСТИ ОРГАНИЗАЦИИ УЧЕТА В СВЯЗИ С ПЕРЕХОДОМ НА МЕЖДУНАРОДНЫЕ СТАНДАРТЫ ФИНАНСОВОЙ ОТЧЕТНОСТИ	112
<b>Ж.Б.Турганбаева</b> ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУ ЖОЛДАРЫ	115
<b>А.Мусаева</b> ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНДЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ КОНДИТЕРЛІК ЦЕХ ЕСЕБІН ҰЙЫМДАСТЫРУ	117
<b>С.Мұсабекова</b> БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТЕ ІС: КӘСІПОРЫН 8.2 БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ	118
<b>О.Ө. Ташкепбаева</b> САПА ЖҮЙЕСІН СЕРТИФИКАТТАУДЫҢ МАҢЫЗЫ	120
<b>Қ.А.Абдушамаева</b> БІЛІМНІҢ АДАМИ КАПИТАЛДЫ ЖЕТІЛДІРУДЕГІ РОЛІ	122
<b>Р.А.Мұсаев</b> ТАРИХ САБАҒЫНДА БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ДАМУ	124
<b>Д.А.Иманбердиев</b> ТАСВВУФ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ИБН АРАБИДІҢ ОРНЫ	127
<b>С.С.Мырзабаев</b> КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	130
<b>Р.Ж. Ақназарова</b> ҚҰҚЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ ТУРАЛЫ	133
<b>С.Т.Қасымбеков</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТЫНА СИПАТТАМА	135
<b>А.Р.Парманқұлов</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ ӘСКЕРИ МІНДЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ ӨТКЕРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ	138
<b>Ж.П.Төлепбергенов</b> ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ	140

## ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Ағылшын ағартушысы У.Уорд :

Жай мұғалім хабарлайды,

Жақсы мұғалім түсіндіреді.

Керемет мұғалім көрсетеді,

Ұлы мұғалім шабыттандырады – дегендей, бүгінгі күнгі мұғалімнен кәсіби икемділік пен ұтқырлық, сан қырлы шығармашылық қызмет пен өзін-өзі басқару, өзін-өзі ұйымдастыру жағдайындағы біліктілік талап етіледі.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін орыс аудиторияларында ойын түрінде өту тиімділігімен қатар сапалы, тірі сабақ болып өтуімен қызықты. Сонымен қатар ұлттық салт-дәстүрді ұғынып, құрметтейтін, адамгершілігі мол, саналы тұлға қалыптастыруға тигізер үлесі мол.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Г.Ғ.Еркебаева. Жоғары оқу орындарындағы инновациялық технологиялар. Алматы, 2011

2.Н.Әлқожаева, Ұ.Төлешова. Жоғары мектептің оқу үдерісінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. Алматы, 2009

3.Б.А.Тұрғынбаева. Дамыта оқыту технологиялары. Алматы, 2003

4.М.М.Жанпейісова. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». Алматы, 2002

ТЕМІР ЖОЛ КӨЛІК САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ  
ӨНДІРІСТІК ЕСЕПТІ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ӘСЕРІ

э.ғ.д., доцент Б.А. Мархаева

оқытушы Қ.Мырзабекқызы

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Өндірістік есеп өндірістік шығындарын бақылау, артық шығындардың есептерін алдағы кезеңдермен, сметалармен, болжамдармен салыстыра отырып талдау жасау, сондай-ақ үнемдейдің мүмкін резервтерін анықтауды талап етеді. Ұйымдардың өнімін өндіру және өткізумен байланысты барлық процестерді анық және толық көрсетуі керек. Қазіргі кезде өндірістік есептің негізгі тараулары болып мыналар табылады:

- шығындардың түрлері бойынша есебі;
- шығындардың шығу орындарына байланысты есебі;
- шығындардың иеленушісі бойынша есебі.

Шығындардың түрлері бойынша есепті кезеңде өнімді өндіру (жұмыс жасау, қызмет көрсету) процесінде, коммерциялық ұйымдардың қандай шығындар топтарының орын алатынын көрсетеді.

Олардың шығу орындарына байланысты шығындар есебі, қажеттіне жұмсалған шығындардың мөлшерін коммерциялық ұйымдардың жекелеген бөлімшелерінің арасында, оларды бөлуге мүмкіндік береді.

Тұрақты иеленушілер бойынша шығындар есебі қандай да бір нақты өнім бірлігін өндіру немесе белгілі бір тапсырысты орындаумен байланысты барлық шығындарды анықтауды жорамалдайды. Сөйтіп, тек қана өндірістік есептің аясында өнім бірлігінің өзіндік құныны, оған келетін табыс пен рентабельділік деңгейін есептеудің сәті түседі.


Біздің пікірімізше, өндірістік есеп өнімнің босалқы қорларының құнын бағалау үшін өндірістік шығын анықталады. Сондай-ақ, өндірістік есептің басты мақсаты - өнімнің, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құнын калькуляциялау болып табылады.

Біздің елдегі барлық меншік нысандарын дамытуға және шаруашылықты жүргізудің жаңа әдістерін енгізуге бағытталынып жасалып жатқан шаруашылық механизм, сондай-ақ өндіріс аясында өндірістік есептің барлық басты элементтерінің пайда болуы және өндірістік пен қаржылық немесе қаржылық-экономикалық талдаудың қалыптаса бастауы, жалпы бухгалтерлік есептің бірнеше салаға бөлінуі, яғни бұларда және басқаларда, өндірісті басқарудың экономикалық механизмін жасаудан туындайды, сондықтанда міндетті түрде аталған салаға күрделі өзгерістерді әкеледі.

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Өндірістік есеп жүйесінде жетекші орын өндіріс шығындарының есебі мен өнімнің өзіндік құнын калькуляциялауға берілген, олардың ұйымдастырылуы едәуір деңгейде өндірістік шешімдердің әрекеттілігіне, бағаның белгілеуіне, шаруашылық қызметінің нәтижесіне тәуелді болып келеді.

Коммерциялық ұйымдардың табыс табу мен оларды сақтап қалудың басты факторы болып, өнімнің өзіндік құнының төмендету, ал ол үшін өндіріс шығындары мен өнім бірлігінің өзіндік құны туралы дер кезінде және сенімді ақпарат қажет.



Сурет-1. Өндірістік есептің экономикалық ақпаратты басқару жүйесіндегі орны

Өндірістік есептің экономикалық ақпаратты жолын басқару жүйесінің әдістемесін таңдау негізінде әр түрлі экономикалық, құқықтық, ұйымдық, техникалық-технологиялық аспектілер жатыр. Міне, осы аспектілер арқылы нақты басқару міндеттерін шығындар есебі, қызмет көрсеткіштері және басқару есептері секілді бір-бірімен байланысты үш блок (қосалқы жүйе) түрінде шешуге қажетті мәліметтерді ұйымдастыру, жинақтау және сақтау жүйесін көрсететін басқару есебі жасалады (сурет-1).

Келтірілген суретке сәйкес өндірістік есебін құрамдас бөліктері бойынша да, жасалу көздері бойынша да жіктеуге болады. Алайда, кәсіпорынның басқару есебінің жүйесіне негізделген өндірістік-шаруашылық қызмет түрі ғана осы жіктеу жүйелерін ортақ қолдана алуы мүмкін. Мұның негізгі себебі – кәсіпорындарда шаруашылық қызмет түріне қарай әр қилы басқару есебінің түрлері, басқару мәліметтері және үлгілерінің қолданылатындығында.

Өндірістік есеп қоймалық құжаттардан бастап технологиялық карталарға дейінгі ақпараттық базаны толықтыратын алғашқы (бастапқы) құжаттардың басым бөлігін қалыптастырады. Бұл мәліметтер өндірістің өзіндік құнын есептеуге және бухгалтерлік есептің мақсаттарын жүзеге асыруға жеткілікті болу керек. Себебі, бухгалтерлік есеп өндірістік есептің негізінде жасалады. Сондай-ақ, өндірістік есеп басқару есебі алғашқы құжаттарды қамтамасыз етеді [1]. Көптеген мамандар өндірістегі басқару есебі мен өндірістік есепті бірдей (мағыналас) деп есептейді. Бірақ, бұл қате пікір. Өндірістік есеп – бұл өндіріске қатысты барлық үрдістерді қамтитын есеп және басқару аппаратының жоспарлау, бақылау және шешім қабылдау қызметтерінде пайдалануына қажетті ішкі есептердің жиынтығы.

Өндірістік есепті өз алдына ерекшелендіретін мынадай қасиеттері бар:

- өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау;
- өндірістік шығындарды басқару.

Өндірістік есептің басты мақсаты – өндіріс шығындарын анықтау; ал, негізгі объектілері – шығындарды түрлері, пайда болу орындары және жауапкершілік орталықтары бойынша есептеу болып табылады. Өндірістік есеп өнім бірлігінің өзіндік құнын, пайда көлемін және рентабельділік деңгейін есептеу үшін қажетті мәліметтерді жинақтап, ұсынады.

Оның міндеті шығындарды мынадай сипаттары бойынша есептеуге бағытталады:

- түрлері бойынша; яғни өндіріс үрдісінде қай топтағы шығындардың (материалдық шығындар, амортизациялық төлемдер, еңбек ақы төлеу шығындары, т.б.) туындағанын ескереді;

- пайда болу орны бойынша; яғни барлық шығындар жауапкершілік орталықтары бойынша таратылуға тиіс;

- таратушылары бойынша; яғни шығындар өнімнің немесе тапсырыстың нақты түріне (бұйымға, жартылай фабрикатқа, аттас бұйымдар тобына немесе сериясына, жұмыс түріне, т.б.) жатқызылуға тиіс.

Ұйымдардың өнім өндіруге және оны жұмсаған шығындарының ақшалай көрінісі өнімнің өзіндік құны деп атаймыз. Ал өзіндік құн калькуляциясы өндірістік есеп үшін қажетті үрдіс болып табылады.

Шығындардың есеп объектісі болып сол шығындардың аналитикалық есеп объектісі болып табылады.

Калькуляциялаудың объектісі болып ұйымдарда калькуляцияланатын өнім түрлері, жұмыстар, қызметтер жатады.

Шығындар есеп объектісі мен калькуляциялау объектісі әрқашанда сәйкес келе бермейді. Мысалға, тасымалдау темір жол көлігінің өнімі болып табылады, ал өнім түрлеріне – жүк және жолаушы тасымалы, тартым, қатынас, пойыз категориялары бойынша тасымалдау, тасымалдау процесінің операциялары, вагон типтері, жүк түрлері жатады [2].

Темір жол көлігінің және оны қамтамасыз ететін көлікпен тыс өндіріс салаларының барлық қорларын үнемді пайдалана отырып жолаушы тасымалын, жүк тасымалын, сондай-ақ қосалқы көмек қызметін тұтынушылар сұраныстары толық және сапалы (уақтылы, сенімді) қамтамасыз етілген жағдайларды теміржол көлігінің экономикасы ғылым ретінде зерттейді және соған сәйкес ұсыныстарды әзірлейді. Темір жол көлігі экономикасының ғылым ретіндегі ең басты міндеттерінің бірі – жүк жолаушы қозғалысындағы, тасымалындағы пайдалану жұмыстарын, елді, оның аймақтарын, жүк иелері және өндіріс түрлерін көлікпен қамтамасыз ету жұмыстарын қамтитын көлік өндірісінің теориялық негіздерін осы заманға сай дамыту болып табылады.

Темір жол көлігінің экономикасы реттеу жағдайларындағы сұранысты ескере отырып, тасымалдаудың келісім бағалары мен көлік тарифтерін құрудың тиімді принциптерін зерттей отырып, ішкі және сыртқы сауда жүк тасымалдарындағы тек қоғамдық қана емес, сонымен бірге жеке еңбек шығындары да көрініс табатын ұсыныстарды әзірлейді. Оған қоса, ел және оның аймақтарында өнеркәсіп өндірістерінің тиімді орналасуын экономикалық ынталандыру бойынша, сонымен қатар көлік-экономикалық байланыстардың оңтайлануы, жүк иелері мен жолаушыларға көлік қызметін көрсету сапасын арттыруға қатысты құнды ұсыныстарды да дайындайды. Темір жол көлігінің экономикасы, көлік өндірісінің техникалық, технологиялық-пайдаланым, әлеуметтік-психологиялық және экологиялық факторлар арасындағы байланыстардың сапалық сипаттамасы мен сандық өлшемін зерттейді [3]. Жүк және жолаушы, жүкқайналым және жолаушыайналым көлемінің, сондай-ақ оның құрылымындағы өзгерістің жанды және салымы мен негізгі өндірістік қорлардың өсімі беруіне, қор қайтарымдылығының, қор сыйымдылығына және қордың жарықтануына, жоғары технологиялық пайдаланым көрсетіштермен сипатталатын қорды қарқынды сақтауға қабілетті технологияларға деген ықпал ету мөлшері мен сипаттамасын белгілейді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Радостовец В.К., Ғабдулин Т.Ғ., Радостовец В.В., Шмидт О.И. Кәсіпорындардағы бухгалтерлік есебі. Оқу құралы. Алматы, 2003ж.
2. Атамқұлов Е.Д., Жанғааскин Қ.Қ. Қазақстанның темір жол көлігі: тасымалдау үрдісі Жалпы редакциясын бастырған Б.Қ.Алиядов: Монография, 2том. – Алматы, ХКАА, 2004.
3. Сатова Р.Қ., Алпысбаев С.А., Атамқұлов Е.Д., Жанғааскин Қ.Қ., Ібірішев Н.Н., Өшімова Ж.Р. Көлік экономикасы. Оқулық – Алматы, 2006.